

**К. Шаймерденова,**  
*Қазақстанның «Еңбек сіңірген қайраткері»  
құрметті атағының иегері, ғалым-педагог*

### АСЫЛ МҰРАТ ЖОЛЫНДА

Мақтануға тұрарлық асыл аға, адал дос, аяулы жар, асыл әке, асыл ата, мерейлі ұстаз бола білген Талғат аға бұл күндері ортамызда болмаса да, жүрегімізде сағыныш сезімін алаулатып-ақ тұр.

Балалық шағынан мейірім шуағын аңсап өскен асыл жан өзі жүрген ортасынан әр-уақытта ерекше адами қасиетті бойына жинап, сол қасиетті өзінен кейінгі ұрпаққа өлшеусіз үлестіре білді. Осы жолда жинаған абырой мен беделі өзінен кейін де бүгінгідей биіктеп тұрғаны соның айғағы.

Балалық шағы ауылда, жастық шағы Шымкентте, ал ұстаздық жолы Қызылордада өткен 6-7 жылда өз ортасына беделді оқытушы, сенімді дос, сүйкімді жігіт бола білді. Әрбір сабағын бітпесе екен деп отыратын жастар жағы бірге өткізген уақыттарына дән риза болатын. Өзі де жас бола тұрып, өзімен ди-дарласқан әрбір бозбаланың мұратына, әр-бір бойжеткеннің қиялына айналғаны да анық еді.

Сол жылдарда Қызылорда пединститутының филфагінде қазақ тілі пәнінен гөрі әдебиет жағы басымырақ болатын. Әйгілі әдебиетшілер Ә. Қоңыратбаев, Ә. Түрбеков, Ә. Нұржановтардай әдебиетшілер сабақ беретін. Қазақ тілі синтаксисіне Тәкең елеулі үлес қосты, әсіресе сөз тіркесі синтаксисі мүлде тың сала болатын.

Негізгі мамандығым педагогика ғылымы болғанымен, базалық білімім филология саласы болғандықтан, Тәкеңнің күнделікті білім беру ісінде шәкірттерінің ғылыми жұмыстарына жетекшілік етуінде және ол кісі өмірден өткеннен кейін еңбектерін топтастырып, сараптау барысында байқағаным – қазақ тіл білімі синтаксисінің кәсіби маманы екендігін таныта білгендігі. Тәкең өзінің кандидаттық та, докторлық та зерттеу жұмысының нысаны етіп сөз тіркесінің өзекті мәселелерін негізге алды. Және 10-ға тарта монографиялық еңбектерінде осы мәселені барлық қырынан көрсете білді. Сондай-ақ жай сөйлем синтаксисіне де сүбелі үлес қосты. Өзінің жетекшілігімен

жазылған зерттеу жұмыстарында «Сөз – сөйлем», «Есімді сөйлем», «Есімді құрмалас сөйлем түрлері» қазақ синтаксисін тереңдете түсті.

Аяулы ұстаздың адами қасиеттері, оқытушылық, ғалымдық жолының қыр-сыры «Арыс» баспасынан 2010 жылы жарық көрген «Ұстаздың жан жылуы» атты кітапта жан-жақты баяндалған болатын. Мен осы мақалада Тәкеңнің қарапайым өмір тіршілігінде кездескен кейбір есте қалған жайттерін ғана айтсам деймін.

... Қызылорда қаласында Коммунистік даңғылын бойлай салынған жаңа үлгідегі үйлерден жас маман Тәкеңе екі бөлмелі пәтер берілді. Студент іні-қарындастарымен жаңа пәтерге көшкенде қарындасы Жәмила ауылға жазған қуаныш хатында: «Біз бес бөлмелі пәтер алдық» деген көрінеді. Сөйтсе дәлізді бір бөлмеге, ас бөлмені бір бөлмеге, жуынатын бөлмені бір бөлмеге балап жазған ғой. Әрине, ауылда өскен баланың қала көркін, қала өмірін тани бастауы, тіпті қаланың дәм-тұзына үйреніп кетуіне де бірталай уақыт қажет. Соның бір дәлелі:

... Бір күні түскі тамақ әзір болмай қалып, абитуриент Баян деген қарындасына ақша мен үш литрлік бидон беріп «Көкси әкел» деп жұмсайды. Көшенің қарсы бетінде «Қызылорда» мейрамханасы бар. Онда қазақтың ұлттық тағамдарымен қатар кәрістің дәмді «коксии» де дайындалады. Бұрын барып көрмеген қарындасы үндемей шығып кетеді. Осынша көк сияны көкем қайтеді деп ойласа да, жауап қайтаруға батылы бармайды. Далада жарты сағаттай жүріп: «Көке, көк сия жоқ екен» - деп үйге қайтып келген екен.

Тәкеңнің көңілінің кеңдігі тума-туыстарына ерекше болатын. Біз үйленгенге дейін екі бөлмелі пәтердің бір бөлмесіне қарындастары, бір бөлмесіне інілері жатады да, жаз айында Тәкеңнің тұрағы балкон болады екен.

Алматыға келген соң КазГУ-де сабақ беру жауапкершілігі аса жоғары болды. КазГУ оқытушылары сырттан келгендерге сынақ қарайды. Факультеттің де, студенттердің де көңілінен шығу оңай шаруа емес.

... Қаланың шетінде пәтер жалдап тұрамыз. Балалар жас. Бір күні қыста сағат тоқтап қалып, университеттегі бірінші парға үлгеру үшін таң қараңғысында үйден шығып кетті. Сөйтіп аялдамаға келсе, ешбір жан жоқ. Қыстың суығы қақап тұр. Автобустар да жоқ. Не де болса таңды күтеді. Біраз уақыттан соң ғана автобустар жүре бастайды. Сөйтсе, аялдамаға сағат 6-да келудің орнына сағат 4-те жеткен ғой. Үш рет автобуска ауысып мініп, жұмысқа жетуге 2 сағаттай уақыт қажет. Әйтеуір бір жақсысы сол жылдары қала тәртібі тыныш болатын.

... Кеңестік дәуірдегі ғылыми жұмысты қорғау одақтас республикалар үшін ауыр болатын. Ал докторлық қорғаудың қиыншылығын айтсаңызшы... Әсіресе қазақ тілі заңдылығын қазақ тілі маманы орысша дәлелдеуі қажет. Диссертация орыс тіліне аударылып, авторефераты шықты. Авторефератта машинкамен тергенде бірсыпыра қателер кеткені байқалды. Тәкең аса мұқияттап барып авторефератын қайта шығарды. Сол кезде қорғайтын кісілер диссертациялық кеңес мүшелерінен басқаға авторефератын таратуға сескенетін. Өйткені арыз жазылатын. Тәкеңді де нысанаға алып жүрген жазғыштар бары анық еді. Бір жанашыр кісі: «Сен қатесі бар авторефераттарды сұраған кісілерге бере бер. Олардың ішінде арыз жазатындары болса, аздаған қатенді бадырайтып көрсетіп ВАК-ке жібереді. Ал ВАК-тегі авторефератта қате жоқ. Сондықтан ол бос сөз болады да, арыз қаперге алынбайды» - деп ақыл қосты. Тәкең солай істеді.

Қазақ тарихындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қазақ жастары мен азаматтарына қырғидай тиген дүрбелең кезенді тудырды. Қазақ зиялыларының ішіндегі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облысы азаматтары бұл ауыртпалықтарды бір кісідей-ақ көтеріп бақты. Әйтеуір аяғы жақсы болып, ел егемендік алғасын «Тәуба!» деп ақылмен өлшеп, сабырмен нүкте қойылған еді.

... Желтоқсанның ызғары тергеу мен тәмпіштеу жұмыстары арқылы келесі жылға жалғасты. Мәскеуден келген комиссия ҚазҰУ-де штаб құрып, азаматтар тағдырын тәркілей бастады. Бар ауыртпалық әрине ректор Өмірбек аға Жолдасбековке түсті. Бір күні, 1987 жылдың май айының ортасында Тәкең үйге бір түрлі көңіл күймен келді.

– Не болды, тыныштық па? – дедім.

– Мен жұмыстан өз еркіммен кетуге арыз жазып келдім. Аздап болса да, Өмекеңе бір леп болса екен дедім». Мен қолдай кеттім: - Әрине, бұның дұрыс. Шығарып жібергендер де жүр ғой. Не болыпты сонша. Сен ғылым докторы, профессорсың, мен де міне, қорғайын деп отырмын. Ештеме етпейді, Отанымызға ғалымдар керек, - деп жапа шеккен ірі тұлғалардың бір-екеуін мысалға келтіріп, «Қызмет қолдың кірі» деген мақалды қосып, қолдау білдірдім.

... Алдымыз жаз. Жазда саяжайда еңбек етуге, демалуға толық мүмкіндік бар. Әншейінде қол еңбегіне мән бере бермесе де, сол жазда Тәкең бір жақсы дихан болып алды. Еңбек сол күндерде демеуші, емші болғандай болды. Тіпті өзінің жұмыссыз жүргенін де білдірмей, еңбек қуанышына мақтана бастаған сәттерін де байқадым. Мен қасында әрдайым бірге болып жүрдім. Тамаққа да тәбеті артып, көңілі көтеріңкі күйге ене бастады. Осылайша жадыраған жазды өткізіп, күзде өз дәрежесіне сай келмесе де, қызметке шықты, қажырлы еңбекпен 3 жыл төзіп бақты.

Ел егемендігін жариялап, көңілдегі жәбір-жапа ұмытыла бастады. Тәкең өзінің қызмет орны ҚазҰУ-ге қайта оралды. Көңілі орнына түсіп, ұстаздық-зерттеушілік жолына құлшына кірісті. Ол нәтижелі болды. Өзінің өмірімен қоштасар ең соңғы минутында да қызметін орындап келіп, енді қорғауға шығайын деп тұрған шәкіртінің құжаттарын қарап, тексеріп беріп, қорғауға рұқсат ететіндігін растап, қолын қойып беріп еді.

Құрметті оқырман, кішкене шегініс жасап, мына бір жайтты да айта кетсем деймін. Бұрынғы жылдарда Ғылым академиясында мүше-корреспонденттікке және академикке сайлау жүретін. Бірақ Тәкең қай сайлауға болса да, құжат тапсырмайтын. «Сен неге құжат тапсырмай жүрсің, комиссия құрамы сені таниды, бағыңды сынап көрмейсің бе?» деген кісілерге: «Маған ғылым докторы, профессор деген дәреже мен атақ та жетеді», - десе, кейде әзілдеп: – Немене, Мәкеңе теңесіп кетуім керек пе? – дейтін еді. Себебі өз ұстазы Мәулен ата Балақаев дәрежесінің жоғары тұруын қалайды екен ғой. Өмір бойы сыйлап өткен ұстазының дәреже-атағы, даңқы өз шәкірттерінен тым жоғары тұруын қалаған әзиз жүрегінің бұл да бір жылылығы болса керек.